Жұмысты бастамас бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, жұмыс кезінде осы сипаттамада баяндалған нұсқауларды орындаңыз. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта жақсы нәтижелерге қол жеткізуді қоса алғанда қауіпсіз жұмыс, орнату, қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтар бар. Машинаның құжаттамасын болашақта пайдалану немесе жаңа иесіне беру үшін қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Машинаны алған кезде келесі позициялардың болуын тексеріңіз:

- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық
- Энергия тиімділігі класын көрсететін жапсырма

Тасымалдау кезінде машинаның зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Егер зақымданулар бар болса, клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Жоғарыда аталған шарттарды сақтамау аспаптың қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін. Егер мәселе машинаны дұрыс пайдаланбаудан немесе дұрыс орнатпаудан туындаса, сервистік қызметке жүгіну ақылы болуы мүмкін. Қызметке жүгінген кезде қолыңызда «сериялық нөмір» деп аталатын бірегей 20 таңбалы код болуы керек. Бұл ашық есіктің ішкі бетінен табуға болатын жапсырмада басылған сіздің бұйымыңыздың бірегей нөмірі.

Қоршаған орта жағдайлары



Бұл электр аспабы Электрлік және электрондық жабдық қалдықтарына (ЭЭЖҚ) қатысты Еуропалық 2012/19/EU директивасына сәйкес таңбаланған.

ЭЭЖҚ құрамында ластаушы заттар да (қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін), сондай-ақ қайта пайдалануға болатын компоненттер де бар. ЭЭЖҚ табиғатты ластайтын барлық заттарды дұрыс жою және кәдеге жарату үшін және қайта пайдалануға жарамжы барлық материалдарды қалпына келтіру мен қайта пайдалану үшін міндетті түрде арнайы өңдеуден өткізілуі тиіс. Адамдар қоршаған ортаны ЭЭЖҚ-ның зиянды әсерінен қорғауда маңызды рөл атқара алады; ол үшін бірнеше негізгі ережелерді сақтау керек:

- ЭЭЖҚ кәдімгі тұрмыстық қалдықтар ретінде кәдеге жаратылмауы тиіс;
- ЭЭЖҚ муниципалды билік немесе тіркелген компаниялар басқаратын тиісті жинау пункттеріне жіберілуі керек. Кейбір елдерде ірі габаритті ЭЭЖҚ үшін оларды үйде жинау ұйымдастырылуы мүмкін.

Кейбір елдерде, егер сіз жаңа электр аспабын сатып алсаңыз, дүкенге ескісін қайтара аласыз, оны ұқсас жаңа жабдық сатып алынған жағдайда дүкен тегін (бірге бір) қабылдауы керек.

Ескі кептіргіш машинаны кәдеге жарату кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ашаны розеткадан суырыңыз, қуат көзі кабелін кесіңіз және оны ашамен бірге жойыңыз. Балаларды машинаға жібермеңіз, машинаның есігінің ілмектерін және есік құлпын жойыңыз.

Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ
2. ЖИҢАЗ ЕСІГІН ОРНАТУ
3. СУҒА АРНАЛҒАН КОНТЕЙНЕРЛЕР
4. ЕСІК ЖӘНЕ СУЗГІЛЕР
5. ПРАКТИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР
6. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҒЫ
7. БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛАР
8. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ
9. КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ
10. КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

1. ЖАЛПЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Бұл электр аспабы тұрмыстық және соған ұқсас қолданысқа арналған, мысалы:
 - Дүкендердегі, кеңселердегі қызметкерлерге арналған асүй үй-жайлары және басқа да жұмыс үй-жайлары;
 - Қала сыртындағы үйлер;
 - Клиенттердің қонақ үйлерде, мотельдерде, басқа тұрғын үй-жайларда пайдалануы;
 - «Төсек және таңғы ас» типті қонақ үйлерде.

Бұл электр аспабын тұрмыстан тыс қолдану үшін пайдалануға, мысалы, мамандардың немесе оқытылған пайдаланушылардың қатысуымен коммерциялық қолдану үшін пайдалануға тыйым салынады. Бұл электр аспабын үйден тыс қолдану үшін пайдалану электр аспабының қызмет мерзімінің азаюына, сондай-ақ өндірушінің кепілдігінің жойылуына әкелуі мүмкін. Өндіруші электр аспабының үйден немесе тұрмыстан тыс (тіпті егер ол тұрғын үйде немесе тұрмыстық үй-жайда орнатылған болса да) қолдану үшін пайдаланылуына байланысты электр аспабының кез келген зақымдануы немесе басқа да зақымданулар не болмаса шығындар үшін заңда көзделген жауаптылыққа ие болмайды.

Бұл электр аспабын 8 жастан асқан балалар және физикалық немесе ақыл-ой қабілеттері бұзылған адамдар, сондай-ақ жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар, егер олардың іс-әрекеттерін жауапты адам бақыласа немесе осы адамдар электр аспабын қауіпсіз пайдалануға қатысты нұсқау алған болса және оның жұмысына байланысты қауіптерді түсінетін болса, пайдалана алады. Балаларға электр аспабымен ойнауға рұқсат бермеңіз. Тазалау мен қызмет көрсетуді балалар ересектердің бақылауынсыз орындамауы керек.

- Балалардың электр аспабымен ойнамауын қадағалаңыз.
- 3 жасқа дейінгі балалар машинаның жанында болмауы керек немесе ересектердің үнемі бақылауында болуы керек.



ЕСКЕРТУ

Дұрыс пайдаланбаған жағдайда өрт қаупі туындауы мүмкін.

- Бұл машина тек тұрмыста пайдалануға арналған, яғни үйдегі заттар мен киімдерді кептіруге арналған.
- Аспапты пайдаланбас бұрын, орнату және пайдалану жөніндегі нұсқауларды толық көлемде түсінгеніңізге көз жеткізіңіз.
- Машинаны дымқыл қолмен немесе дымқыл еденде тұрып ұстамаңыз.
- Машинаны жүктеген кезде есігіне шынтақпен сүйенбеңіз, машинаны есігінен ұстап көтермеңіз немесе жылжытпаңыз.
- Ақаулы машинамен жұмыс жасамаңыз.
- Егер жуу үшін өнеркәсіптік химиялық заттар қолданылса, кептіргіш машинаны пайдалануға рұқсат етілмейді.



ЕСКЕРТУ

Талшықтар мен түктерді ұстау үшін сүзгі дұрыс орнатылмаған немесе зақымдалған кезде машинаны қоспаңыз; бұл сүзілген материалдың өртенуіне әкелуі мүмкін.

- Машинаның сыртқы жағындағы үй-жайдың еденінде талшықтар мен түктердің жиналуына жол бермеңіз. Талшықтар айналмалы атанақтың айналасында жиналмауы керек.



ЕСКЕРТУ



«Ескерту: Ыстық бет» белгісі орналасқан жерде машина жұмыс істеп тұрғанда бетінің температурасы 60°C-ден жоғары болуы мүмкін.

- Аспапты тазаламас бұрын, ашаны міндетті түрде электр желісінен ажыратыңыз.
- Атанақ ішіндегі температура өте жоғары болуы мүмкін. Кірді шығармас бұрын, міндетті түрде салқындау кезеңінің аяқталуын күту керек.
- Кептіргіш машинаның жұмыс циклі температураның жоғарылауына байланысты кірдің зақымдалуын болдырмау үшін жылыту (салқындату циклі) өшірілген кезде аяқталады.




ЕСКЕРТУ

Жылу тез таралуы үшін кір тез шығарылатын жағдайларды қоспағанда, кептіру циклі аяқталғанға дейін машинаны ешқашан тоқтатпаңыз.



ЕСКЕРТУ

Тасымалдау процесінде кептіргіш машинаның тік тұрғанына көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда, сіз тек көрсетілген бағытқа қисайта аласыз:



басқа жағына, май компрессорға қайта ағып кетуі үшін оны қоспас бұрын кем дегенде 4 сағат күтіңіз. Әйтпесе, бұл компрессордың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Мазмұны

- Бұйымды төмен температуралы үй-жайда немесе қату қаупі бар үй-жайда орнатпаңыз. Қату нүктеіне жақын температурада бұйым дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін: гидравликалық контурдағы (клапандар, құбыршектер, сорғылар) су қатып қалған жағдайда зақымдану қаупі бар. Машина үй-жайдың +5°C-ден +35°C-ге дейін температурасында тиімдірек жұмыс істейді. Суықта жұмыс істегенде (+2°C-ден

+5°C-ге дейін) конденсат пайда болуы және еденде су тамшылары пайда болуы мүмкін екенін ескеріңіз.

- ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА кептіргіш машинаны перделердің жанына қоймаңыз.
- Кептіргіш машина құлпы бар есіктің жанына, жылжымалы есікпен немесе ілмектері машинаның бүйірінде орналасқан есіктің жанына орнатылмауы керек, осылайша Кептіргіш машина есігінің толық ашылуы шектеледі.
- Пайдаланушылардың қауіпсіздігіне кепілдік беру үшін аспапты дұрыс орнату керек. Орнатуға қатысты қандай да бір күмәндар туындаса, кеңес алу үшін сервистік қызметке хабарласыңыз.
- Машинаны орнатқан кезде аяқтарының биіктігін реттеу арқылы оның деңгейін теңестіру қажет.

Электрлік қосылымдар және қауіпсіздік ережелері

- Техникалық сипаттамалары (қуат көзі кернеуі және тұтынылатын қуат) бұйымның паспорттық тақтайшасында көрсетілген.

- Электр жүйесінің жерге тұйықталуын қолданыстағы ережелерге сәйкестігін, сондай-ақ (электр) розетканың құрылғы ашасының түріне сәйкес келетіндігін тексеру қажет. Әйтпесе, білікті маманның көмегіне жүгініңіз.



ЕСКЕРТУ


Аспаптың қуат көзін сөндіргіші бар сыртқы құрылғы арқылы, мысалы, таймер арқылы қосуға немесе коммуналдық кәсіпорын үнемі қосып, өшіретін желіге қосуға тыйым салынады.

- Ауыстырғыштарды, бірнеше розеткалары бар жалғастырғыштар мен ұзартқыштарды қолданбаңыз.
- Машинаны орнатқаннан кейін розеткадан ажырату үшін штепсельдік аша қолжетімді болуы керек.
- Орнату аяқталғаннан кейін ғана машинаны электр қуат көзі желісіне қосуға және ажыратуға болады.
- Қуат көзі кабелі зақымданған кезде ықтимал қауіптілікті болдырмау үшін оны ауыстыруды өндіруші, оның сервистік өкілі немесе осындай біліктілігі бар адамдар жүзеге асыруы тиіс.

Желдету

- Кептіру машинасы орналастырылған бөлме әртүрлі отынды пайдаланатын аспаптардан немесе машина жұмыс істеп тұрғанда бөлмеге кіруі мүмкін ашық оттан жанғыш газдардың түсуін болдырмау үшін жақсы желдетілуі тиіс.
- Машинаны артқы жағымен қабырғаға немесе тік бетке жақын орнатуға жол берілмейді.
- Машина мен қандай да бір заттардың арасында кемінде 12 мм бос орын болуы керек. Ауаны алу және шығару үшін кедергілердің жоқтығын қамтамасыз ету қажет.
- Кілемдер немесе алашалар негізді немесе кез келген желдеткіш саңылауларды жаппайтынына көз жеткізіңіз.
- Кірдің машинаның артына түсіп кетуіне және осы жерде жиналуына жол бермеңіз, себебі бұл ауаның кіруіне және шығуына кедергі келтіруі мүмкін.
- Газдың немесе басқа отынның жану өнімдерін шығару үшін пайдаланылатын құбырға ауа жіберуге болмайды.

- Шаң мен мата талшықтарының жиналуын болдырмау үшін кептіргіш машинаны ауа ағынының кедергілеріне үнемі тексеріп отырыңыз.
- Сүзгі-ұстағышты машинаны қолданғаннан кейін жиі тексеріп отыру керек және оны қажетболған жағдайда тазалау керек.



* Ауа шығатын саңылау (үлгіге байланысты).

Жуылған кір

- Ептірілетін бұйымдардың жарамдылығы жөніндегі нұсқауларды бұйымның ақпараттық жапсырмаларынан табуға болады.
- Мата жұмсартқыштар немесе ұқсас құрамдар оларды қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қолданылуы керек.
- Жуылмаған (лас) кірді кептіргіш машинада кептірмеңіз.
- Машинада кептірмес бұрын, кірді центрифугаға сығып немесе қолмен сығып алу керек.
- Кептіргіш машинаға сутамшылап тұрған кірді салмаңыз.



ЕСКЕРТУ

Поролон түріндегі материал белгілі бір қыздыру жағдайларында ерікті түрде тұтануы мүмкін. Поролоннан жасалған бұйымдарды (латексті көбік резеңке), душқа арналған қалпақшаларды, су өткізбейтін тоқыма бұйымдарын, резеңке негізді бұйымдар мен киімдерді, көбік резеңке төсемдері бар жастықтарды кептіргіш машинада кептіруге **ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ**.



ЕСКЕРТУ

Құрғақ химиялық тазалаумен өңделген кірді машинада кептірмеңіз.

- Машинаға шыны талшықтан жасалған перделерді салмаңыз. Киімге тиген кезде шыны талшық тітіркенуді тудыруы мүмкін.
- Аспаздық май, ацетон, алкоголь, бензин, керосин, дақтарды кетіруге арналған сұйықтықтар, скипидар, балауыз және балауызды кетіруге арналған заттардың дақтары бар кірді машинада кептірмес бұрын жуғыш заттың қосымша мөлшерімен ыстық суда жуып кетіріп алу керек.

- Қалталарыңыздан оттықтар мен сіріңкелер сияқты барлық заттарды шығарыңыз.
- Қалталарыңызда оттықтар мен сіріңкелерді қалдырмаңыз, машинаның жанында ЕШҚАШАН жанғыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз.
- Кептіру кезінде кірдің максималды жүктемесі: энергия тиімділігі жапсырмасын қараңыз.



ЕСКЕРТУ

Өрт қаупі/ жанғыш материалдар.

- Аспапта **R290** - жанғыш болып табылатын экологиялық қауіпсіз салқындатқыш газ. Құрылғының жанында ашық жалын мен тұтану көздерін пайдаланбаңыз.
- Аспапта көрінетін зақымданулар жоқ екенін тексеріңіз. Зақымдалған аспапты пайдалануға тыйым салынады.
- Егер сізде қандай да бір проблемалар болса, мамандандырылған дилерге немесе біздің клиенттерді қолдау орталықтарымыздың біріне хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ

Аспаптағы саңылаулар мен аспап орнатылатын бөлімдегі саңылаулардың (кіріктірілген үлгілер үшін) жабылмағанына көз жеткізіңіз.

KZ

ЕСКЕРТУ


Салқындату контурына зақым келтірмеңіз.

- Аспапқа барлық жөндеу жұмыстарын немесе араласуды текавторландырылған сервистік қызмет жүргізуі керек.
- Аспапты дұрыс кәдеге жаратпау өртке немесе улануға әкелуі мүмкін.
- Аспапты тиісті түрде кәдеге жаратыңыз және салқындатқыш сұйықтықтың айналым түтіктеріне зақым келтірмеңіз.

2. ЖИҢАЗ ЕСІГІН ОРНАТУ


- **Кептіргіш машинаның биіктігін реттеңіз** 4 реттелетін аяқ кептіргіш машинаның биіктігін максимум 827 мм-ден 847 мм-ге дейін реттеуге мүмкіндік береді. Биіктікті реттеу үшін реттелетін аяқтарды бұраңыз, машинаның көлденең қойылғанына көз жеткізіңіз **(1-сурет)**.
Ескерту. Кептіргіш машинаны жиһаздың бетінен кемінде 5 мм қалдырып, ол еңкейіп қалмас үшін ең жоғары биіктікке орнатуды ұсынамыз.
- Ілмектерді бекітпес бұрын, асүй жиһазының алдыңғы жағынан кептіру машинасының тереңдігін қорғаныс тақтайшасының тереңдігіне сәйкес анықтау (суретті қараңыз) және дұрыс орнату опциясын таңдау керек **(2-сурет)**.
1-нұсқа Кептіргіш машина ернеулігінің орналасқан жері жиһаздың алдыңғы бетінен 54 мм-ден аз қашықтықта орналасқан.
- Үлгіні жиһаз есігінің артқы жағына қойыңыз. Сіздің қалауыңызға байланысты ілмектер мен жабу магнитін оңға немесе солға орнатуға болады. Бұрамашегелердің астындағы саңылауларды белгілеңіз, содан кейін осы жерлерде саңылауларды бұрғылаңыз **(3-сурет)**.

①




②

1-нұсқа




2-нұсқа




Ескерту. Бұл қашықтық асүй жиһазының қорғаныс тақтайшасының қалыңдығын ескермейді.

Жиһаз есігін солға ашылатындай етіп орнатуды ұсынамыз – кептіргіш машина есігімен бірдей бағытта.

③



- Ілмектерді қажетті жерлерге (есікке) (А) жиынтығына кіретін 4 бұрамашегемен бекітіңіз **(4-сурет)**.
- Магнитті (В) бұрамашеге (С) көмегімен бекітіңіз **(4-сурет)**.
- Қалауыңызға байланысты пластинканы (D) оң немесе сол жағына орнатыңыз **(5-сурет)**.
- Пластик төсенішті (Е) пластинканың астына орнатыңыз және оны бұрамашеге (F) көмегімен бекітіңіз **(5-сурет)**.
- Қақпақты (G) кигізіңіз және төменгі жайғасымда бекітіңіз **(5-сурет)**.
- Жihaz есігін кептіргіш машинаның алдыңғы жағына ілмектердің көмегімен орнатыңыз. Ілмектердің астына тірегіштерді орнатыңыз (I) **(6-сурет)** және қажетті жерінен бұрамашегелердің (H) көмегімен бекітіңіз.
- Кептіргіш машинаны сұлбада көрсетілген өлшемдермен саңылауға итеріңіз **(7-сурет)**.



2-нұсқа

Ернеуліктің орналасуы жиһаздың алдыңғы бетінен 55 мм-ден астам қашықтықта орналасқан. Ескерту. Жиынтыққа келесі компоненттер кірмейді:

- ілмектер
- кронштейндер
- есік бекіткіш

- Алдымен кептіргіш машинаны сұлбада көрсетілген өлшемдермен саңылауға итеріңіз (7-сурет). **Ескерту.** Жиһазға ілмектерді бекіткеннен кейін кептіргіш машинаны итеру және сырғыту мүмкін болмайды.

- Есікті жиһазға стандартты ілмектер мен кронштейндердің көмегімен бекітіңіз (жеткізу жиынтығына кірмейді) және есікті стандартты бекіткіш көмегімен бекітіңіз (жеткізу жиынтығына кірмейді)(8-сурет).






Төменгі ілмекті алып тастауды жеңілдету үшін оны қорғаныс тақтайшасынан 40 мм жоғары орналастыруға назар аударыңыз (9-сурет).

- Енді ілмектерді жиһаз есігіне бекітуге болады.
- Кептіргіш машинаның алдыңғы панеліндегі саңылауларды төрт монтаждық бітеуіштерімен (G) жабыңыз.

ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Егер кептіргіш машина мен жиһаз беті арасындағы қашықтық 10 мм-ден асса, машинаның ықтимал қисаюына жол бермеу үшін жиһаздың бүйір қабырғаларына 2 металл бұрышты (K) бекітіңіз (10-сурет).



- Жиһаз ернеулігі кептіргіш машинаның алдыңғы жағымен өте алады, бірақ оның биіктігі алдыңғы қорғаныстақтайшасына байланысты болады.

Үлгінің өлшемдеріне байланысты ернеулікте желдеткіш саңылаулар болуы керек (мин.тесік өлшемі/диаметрі 127 мм). Егер ернеулік толық өлшемді саңылау үшін жеткіліксіз болса, тесіктің бір бөлігін ғана кесіңіз.


- Үлгіні ернеуліктің артқы жағына орналастырыңыз. Бұрамшегелердің астындағы саңылауларды белгілеңіз, содан кейін осы жерлерде саңылауларды бұрғылаңыз **(11-сурет)**.

- Ернеулікті жиынтыққа кіретін 6 бұрамашегемен (J) қорғағыш тақтайшаға бекітіңіз. **Ескерту.** Бұл қорғаныс тақтаушасының кейбір түрлерімен ғана мүмкін (мысалы, ағаштан немесе пластиктен). Мұны асүй жиһазын жеткізушіден нақтылауды ұсынамыз.


- Қорғаныс тақтайшасын кептіргіш машинаға бекітіңіз.

- Толық өлшемді есікті пайдалану жағдайында, оның қорғаныс саңылауында ойыққа қарама-қарсы кемінде Ø 127 мм саңылау болуы керек **(12-сурет)**.

11



12



Жиһаз есігінде/ ернеулікте ауа айналымы үшін желдеткіш саңылау болмаса, біз машинаның қалыпты жұмысына кепілдік бере алмаймыз.

3. СУҒА АРНАЛҒАН КОНТЕЙНЕРЛЕР




- Кептіру циклінде кірден алынған су контейнерге жиналады. Контейнер толған кезде жарық индикаторы немесе кейбір үлгілерде дисплейдегі хабарлама оны МІНДЕТТІ ТҮРДЕ босату керектігін көрсетеді (дегенмен, әр кептіру циклінен кейін контейнерді босатуды ұсынамыз).

Жаңа машинаның алғашқы бірнеше жұмыс циклінде өте аз мөлшерде су жиналады, өйткені алдымен ішкі сұйыққойма толтырылады.

Контейнерді есіктен шығару

1. Суы бар контейнерді тұтқасынан (А) ұстап абайлап тартыңыз. Сумен толтырылған оның салмағы шамамен 6 кг.

2. Суды шүмегі арқылы ағызу үшін контейнерді еңкейтіңіз (В). Босатқаннан кейін контейнерді көрсетілгендей орнына қойыңыз; (С) алдымен контейнерді оның төменгі жағымен (1) көрсетілгендей етіп орнына қойыңыз, содан кейін жоғарғы жағын (2) ақырын салыңыз.



4. ЕСІК ЖӘНЕ СҮЗГІЛЕР

Есік

- Тұтқаны тарту арқылы есікті ашыңыз.
- Машинаны қайта іске қосу үшін есікті жауып, бағдарламаны іске қосу батырмасын басыңыз.



ЕСКЕРТУ

Кептіргіш жұмыс істеп тұрған кезде оның атанағы мен есігі өте ыстық болуы мүмкін.



ЕСКЕРТУ

Егер сіз жұмыс кезінде есікті ашуға тырыссаңыз, салқындату циклі аяқталғанға дейін ыстық тұтқаға күйіңіз мүмкін. Кептіру циклі барысында суы бар сұйыққойманы босатқанда өте сақ болыңыз.

Сүзгілер

Сүзгілердің бітелуі кептіру уақытының ұзаруына, зақымдалуына және кептіру шығындарының өсуіне әкелуі мүмкін.

Кептіргіш машинаның тиімділігін сақтау үшін әр кептіру циклінің алдында сүзгілердің тазалығын тексеріңіз.



ЕСКЕРТУ

Сүзгісіз кептіргіш машинаны пайдаланбаңыз.

Сүзгілерді тазалау индикаторы

Сүзгілерді тазалау қажет болғанда жанады (есік сүзгісі және төменгі сүзгі).

Негізгі сүзгіні, сондай-ақ машинаның түбінде орналасқан төменгі сүзгіні тексеріп, мұқият тазалаңыз.

Егер кір кептірілмесе, сүзгілердің бітеліп қалмауын тексеріңіз.





Егер сүзгілер су ағынының астында тазаланса, оларды кептіруді ұмытпаңыз.



ЕСКЕРТУ






Әр цикл алдында сүзгілерді тазалаңыз.

1. Сүзгіні жоғары қарай тартыңыз.
2. Оны көрсетілгендей етіп ашыңыз.
3. Саусақтарыңыздың ұшымен немесе жұмсақ щеткамен сүзгіні бітеп тастаған түктерді абайлап алыңыз.
4. Сүзгінің жартысын қосып, оны орнына қойыңыз.



Конденсатор сүзгісін тазалау

1. Қорғаныс қабатын алыңыз.
2. Қысқыш иінтіректерді сағат тіліне қарсы бұрап, алдыңғы қақпақты тартыңыз.
3. Сүзгі жақтауын абайлап алып тастаңыз және сүзгіні шаң мен талшықтан шүберекпен тазалаңыз. Сүзгіні тазалау үшін суды пайдаланбаңыз.
4. Ысқышты абайлап алып тастаңыз және оны шаң мен түкті кетіру үшін жеткілікті қысымдағы су ағынымен шайыңыз.
5. Алдыңғы қақпақты орнына қойыңыз, оның дұрыс орналасуына назар аударыңыз (көрсеткі көрсеткендей) және мықтап басыңыз. Қысқыш иінтіректерді сағат тілімен бұрап бекітіңіз.
6. Қорғаныс қабатын орнына қойыңыз.



5. ПРАКТИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

Атанақты кептіргішті бірінші рет қолданар алдында:

- Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
- Атанақ ішіндегі барлық заттарды шығарыңыз.
- Тасымалдау кезінде шөгуі мүмкін шаңды кетіру үшін атанақтың ішкі бетін және есікті дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

Киім дайындау

Кептіргіңіз келетін киімнің әрбір бұйымдағы күтім жөніндегі белгілерге сәйкес атанақты кептіргіште кептіруге жарамды екеніне көз жеткізіңіз. Барлық сыдырмалардың жабылғанын және қалталардың бос екеніне көз жеткізіңіз. Бұйымдарды теріс айналдырыңыз. Киімдер шатаспауы үшін оларды атанақта еркін болатындай етіп салыңыз.

Атанақты кептіргіште кептірмеңіз

Жібек, нейлон шұлықтары, нәзік кесте, металл әшекейлері бар маталар, ПВХ немесе былғарыдан жасалған киімдер.



ЕСКЕРТУ

Химиялық тазалауға арналған сұйықтықпен өңделген бұйымдарды немесе резеңке киімді (өрт немесе жарылыс қаупі) кептірмеңіз.

Соңғы 15 минут ішінде кір әрқашан суық ауамен үрленеді.

Электр энергиясын үнемдеу

Атанақты кептіргішке тек мұқият сығылған немесе орталықтан тепкіш кептіргіште кептірілген кірді салыңыз. Кір неғұрлым құрғақ болса, кептіру кезеңі соғұрлым қысқа болады, бұл электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік береді.

ӘРҚАШАН

- Әр кептіру циклінің алдында сүзгінің тазалығын тексеріңіз.

ЕШҚАШАН

- Атанақты кептіргішке өте дымқыл кірді салмаңыз – бұл оны зақымдауы мүмкін.

Жүктелетін кірлерді келесідей сұрыптаңыз

• Күтім таңбаларына сәйкес

Таңбалар жағадағы немесе ішкі тігістердегі жапсырмаларда болады:



Атанақты кептіргіште кептіру.



Атанақты кептіргіште жоғары температурада кептіру.



Атанақты кептіргіште тек төмен температурада кептіру.



Атанақты кептіргіште кептіруге болмайды.

Егер бұйымда күтім жөніндегі нұсқаулығы бар жапсырма болмаса, онда ол атанақты кептіргіште кептіруге жарамсыз дегенді білдіреді.

• Матаның көлемі мен қалыңдығы бойынша

Егер жүктелетін кірдің көлемі кептіргіш машинаның сыйымдылығынан асып кетсе, оны матаның қалыңдығына қарай сұрыптаңыз (мысалы, сүлгілерді жұқа іш киімнен бөліңіз).

●Матаның түрі бойынша

Мақта/зығыр:сүлгілер, мақта трикотаж, төсек-орын және ас жаулықтар.

Синтетика: блузкалар, жейделер, комбинезондар және т.б., полиэстерден немесе полиамидтен жасалған киімдер, сондай-ақ синтетика мен мақта қоспасы.



ЕСКЕРТУ

Атанақты шамадан тыс жүктемеңіз: үлкен бұйымдардың дымқыл күйіндегі салмағы жүктелетін кірдің максималды рұқсат етілген салмағынан асады (мысалы: төсек қаптар, мамық көрпелер).

Атанақты кептіргіште кептірмеңіз

- Әр кептіру циклінен кейін сүзгіні тазалап, суға арналған сұйыққойманы босатыңыз.
- Конденсаторды үнемі тазалаңыз.
- Әр қолданғаннан кейін атанақтың ішін сүртіңіз және оны айналымдағы ауа кептіруі үшін есікті біраз уақыт ашық қалдырыңыз.
- Машинаны және есікті сыртынан жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

- Қазақ ысқыштарды немесе жуғыш заттарды ҚОЛДАНБАҢЫЗ.

- Есіктің кептеліп қалуын немесе түктердің жиналуын болдырмау үшін әр кептіру циклінен кейін есіктің ішкі бетін және тығыздағышты дымқыл шүберекпен тазалаңыз.



ЕСКЕРТУ

Атанақ, есік және жүктелген кірлер өте ыстық болуы мүмкін.



ЕСКЕРТУ

Құрылғыны тазаламас бұрын әрқашан оны сөндіріңіз және ашаны розеткадан ажыратыңыз.



ЕСКЕРТУ

Кептіргіш машинаның электрлік сипаттамаларын оның корпусының алдыңғы жағындағы паспорттық тақтайшадан табуға болады (есік ашық болғанда).

6. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҒЫ


1. Есікті ашып, атанаққа кір салыңыз. Кірдің есіктің жабылуына кедергі келтірмеуін қадағалаңыз.
2. Есікті ақырын жабыңыз, сарт еткен дыбыс естілгенше оны ақырын басыңыз.
3. Қажетті кептіру бағдарламасын таңдау үшін бағдарламаларды таңдау қосқышын бұраңыз (бағдарламалар кестесін қараңыз).
4. Бағдарламаны іске қосу батырмасын басыңыз. Кептіргіш машина автоматты түрде іске қосылады.
5. Бағдарламаны орындау кезінде кірдің күйін тексеру үшін есікті ашқан жағдайда, есікті алдын-ала жауып, кептіруді жалғастыру үшін бағдарламаны іске қосуды қайталау қажет.
6. Цикл аяқталғаннан кейін машина салқындату режиміне өтеді, киім салқындатылуы үшін суық ауа ағынында аударылады.
7. Цикл аяқталғаннан кейін атанақ мыжылуды азайту үшін анда-санда айналады. Бұл машина өшірілгенге немесе есік ашылғанға дейін жалғасады.

Автоматты бағдарламалар орындалып жатқанда есікті ашпаңыз, себебі бұл дұрыс кептіруге кедергі келтіреді.

Техникалық деректер

Тұтынылатын қуат/қуат көзі тогының сақтандырғышы, ампер/қуат көзі кернеуі: паспорттық тақтайшаны қараңыз.

7. БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛАР



- A OFF (СӨНД.) күйі бар БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТАҢДАУ ҚОСҚЫШЫ**
- B СТАРТ/ПАУЗА батырмасы**
- C БАСТАУДЫ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ түймесі**
- D I-TIME/ЖЫЛДАМ батырмасы**
- E ЖАД батырмасы**
- F КЕПТІРУ ДӨРЕЖЕСІ батырмасы**
- G МЫЖЫЛУҒА ҚАРСЫ батырмасы**
- H Дисплей**
- C+D БҰҒАТТАУ**



ЕСКЕРТУ

Қуат сымының ашасын электр розеткасына салған кезде батырмаларға қол тигізбеңіз, өйткені алғашқы бірнеше секунд ішінде машина жүйені калибрлейді: батырмаларды түрту машинаның қалыпты жұмысын бұзады. Мұндай жағдайда қуат сымының ашасын розеткадан суырып, әрекетті қайталаңыз.

OFF (СӨНД.) күйі бар БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТАҢДАУ ҚОСҚЫШЫ

- Бағдарламаларды таңдау қосқышының тұтқасын екі бағытта айналдыру арқылы қажетті кептіру бағдарламасын таңдауға болады.
- Таңдалған баптауларды болдырмау немесе кептіргіш машинаны сөндіру үшін тұтқаны **OFF (СӨНД.)**күйіне бұраңыз (желілік сымды ажыратуды ұмытпаңыз).

Бірінші іске қосу

- Тілді таңдау

- Қуат көзін қосып, машина қосылғаннан кейін қолжетімді тілдер тізімін көрсету үшін **F** немесе **G** батырмасын басыңыз. **ENGLISH** – әрқашан бірінші болып көрсетіледі.
- **СТАРТ/ПАУЗА** батырмасын басып арқылы қажетті тілді таңдаңыз.

- Тілдің өзгеруі

Тілді өзгерту үшін **F** және **G** түймелерін бір уақытта басып, оларды шамамен **5 секунд басып тұру керек**. Экранда **ENGLISH** жазуы пайда болады және жаңа тілді таңдауға болады.

СТАРТ/ПАУЗА батырмасы

СТАРТ/ПАУЗА батырмасын баспас БҰРЫН есікті жабыңыз.

- Таңдалған циклды берілген параметрлермен іске қосу үшін **СТАРТ/ПАУЗА батырмасын басыңыз**. Бағдарламаны орындау кезінде экранда оның аяқталуына қалған уақыт көрсетіледі.
- Сондай-ақ, егер таңдалған бағдарламаны өзгерту қажет болса, сәйкес опция батырмасын басыңыз, оның әдепкі параметрлерін өзгертіңіз және циклді бастау үшін **СТАРТ/ПАУЗА** батырмасын басыңыз.

Орнатылған бағдарламамен үйлесімді опцияларды ғана таңдауға болады.

- Машинаны қосқаннан кейін бағдарламаны іске қосқанға дейін бірнеше секунд күту керек.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ

- Бағдарламаны таңдағаннан кейін экранда таңдалған опцияларға байланысты болуы мүмкін цикл ұзақтығы автоматты түрде көрсетіледі.
- Бағдарлама іске қосылғаннан кейін экранда кептіру циклінің аяқталуына дейін қалған уақыт үздіксіз көрсетіледі.
- Машина таңдалған бағдарламаның орындалуын аяқтауға дейін қалған уақытты стандартты жүктеме негізінде анықтайды және оны жүктелген кірдің ылғалдылық дәрежесіне қарай реттейді.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

- Бағдарламаны орындаудың соңында экранда **«БАҒДАРЛАМАНЫҢ АЯҚТАЛУЫ»** (немесе кейбір үлгілерде **«End»**) хабарламасы көрсетіледі, содан кейін есікті ашуға болады.

- Цикл аяқталғаннан кейін бағдарлама қосқышын **OFF (СӨНД.)** күйіне бұру арқылы машинаны өшіріңіз.

Кептіру циклінің соңында жаңа циклды таңдамас бұрын бағдарламаларды таңдау қосқышын **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ OFF (СӨНД.)** күйіне ауыстыру керек.

КІДІРТУ РЕЖИМИ

- **СТАРТ/ПАУЗА** түймесін басып, оны шамамен **2 секунд басып тұрыңыз** (экранға шығарылған бағдарлама атауы және циклдің аяқталуына дейін қалған уақыт жыпылықтай бастайды, бұл машинаның кідірілгенін көрсетеді).
- Бағдарламаны тоқтатылған сәттен бастап қайта іске қосу үшін **СТАРТ/ПАУЗА** түймесін қайтадан басыңыз.

ОРНАТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАНЫҢ КҮШІН ЖООУ

- Бағдарламаны болдырмау үшін бағдарлама қосқышын **OFF (СӨНД.)** күйіне бұраңыз.

*Егер машина жұмыс істеп тұрған кезде электр қуатының бұзылысы орын алса, онда ол қалпына келтірілгеннен кейін, машинаның жұмысын **СТАРТ/ПАУЗА** түймесін басу арқылы қуат жоғалған фазаның басынан бастап жалғастыруға болады.*

БАСТАУДЫ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ түймесі

- Бұл батырма бағдарламаны іске қосу кідірісін **30 минуттан** (кейбір үлгілерде 1 сағат) **24 сағатқа** дейін **30 минуттық** (кейбір үлгілерде 1 сағат) аралықпен орнатуға мүмкіндік береді. Таңдалған кідіріс уақыты экранда көрсетіледі.
- **СТАРТ/ПАУЗА** батырмасын басқаннан кейін көрсетілген уақыт минут сайын азаяды.

Егер сіз кешіктірілген іске қосуды орнатқаннан кейін кептіргіштің есігін ашып, жапсаңыз, кері санауды жалғастыру үшін осы батырманы қайтадан басыңыз.

I-TIME/ЖЫЛДАМ батырмасы

- Цикл іске қосылғаннан кейін оны ең көбі 3 минуттан кейін автоматтыдан бағдарламаланатынға ауыстыруға болады.
- Кезекпен басу уақытты **10 минуттық** аралықпен арттырады. Осы таңдаудан кейін автоматты кептіру функцияларын қалпына келтіру үшін кептіргіш машинаны өшіру қажет болады.
- Баптаулар сәйкес келмеген жағдайда барлық жарықдиодты индикаторлар 3 рет жылдам жыпылықтайды.
- Егер бағдарлама қосқышы жылдам бағдарламалар күйіне орнатылса, осы батырманы кезекпен басу цикл ұзақтығын орнатады: **30-45-59 минут**.

ЖАД батырмасы

Осы батырманы басу арқылы цикл опциялары сақталады.

ЖАД:

бағдарламаны және қажетті опцияларды таңдаңыз, содан кейін **ЖАД** батырмасын **3 секунд** бойы басып тұрыңыз (цикл басталмас бұрын). **ЖАД** жазуы (кейбір үлгілерде толық сандық) **2 секунд** жыпылықтайды және цикл үшін берілген опциялар орнатылады.

ШАҚЫРУ:

цикл таңдалғаннан кейін сақталған опцияларды шақыру үшін (бірақ циклді емес) **ЖАД** батырмасын басыңыз.

Іске қосуды кешіктіру функциясы есте сақталмайды.

КЕПТИРУ ДӘРЕЖЕСІ батырмасы

- Бұл батырма цикл іске қосылғаннан кейін ең көбі **3 минут** ішінде кірдің қажетті реттелетін құрғақтылық деңгейін орнатуға мүмкіндік береді:

 **Үтіктеуге дайын:** заттар аздап ылғалды болып қалады, бұл үтіктеуді жеңілдетеді.

 **Ілгішке кептіру:** заттар ілуге дайын болады.

 **Шкафқа кептіру:** кірді бірден шкафқа салуға болады.

 **Супер кептіру:** толығымен құрғақ заттарды алу үшін, толық жүктеуге өте ыңғайлы.

- Бұл құрылғы **Drying Manager** (Кептіруді басқару бағдарламасы) функциясымен жабдықталған. Автоматты циклдерде таңдалғанға дейінгі аралық кептірудің әрбір деңгейі қол жеткізілген құрғақтық деңгейіне сәйкес келетін индикатордың жыпылықтауымен көрсетіледі.

Баптаулар сәйкес келмеген жағдайда, барлық жарықдиодты индикаторлар 3 рет жылдам жыпылықтайды.

МЫЖЫЛУҒА ҚАРСЫ батырмасы

- Цикл бойы, бұл опция мыжылуды азайту үшін атанақтың қозғалысын өзгертеді және кептіру деңгейін **автоматты түрде «Үтіктеуге дайын»** күйіне орнатады. Сонымен қатар, бұл опция кешіктірілген іске қосу кезінде, сондай-ақ кептіру циклінің соңында мыжылудан қорғау үшін атанақтың қозғалысын белсендіреді. Ол кептіру циклі аяқталғаннан кейін ең көп дегенде 6 сағат бойы әр 10 минут сайын іске қосылады.


- Бұл атанақ қозғалыстарын тоқтату үшін бағдарламаларды таңдау қосқышын **OFF (СӨНД.)** күйіне орнатыңыз. Бұл функция кірді дереу алып шығу мүмкіндік болмаса пайдалы.

БҒАТТАУ

- «**С**» және «**Д**» батырмаларын бір уақытта **2 секунд** бойы басу түймелерді бұғаттауға мүмкіндік береді. Осылайша, сіз циклді орындау кезінде дисплейдегі түймелерді кездейсоқ басқан кезде кездейсоқ немесе байқаусызда өзгерту мүмкіндігін жоясыз.
- Пернелер бұғатын бір уақытта екі батырманы қайта басу арқылы жоюға болады.
- **Бұғаттау функциясы қосылған кезде машинаның есігі ашылған жағдайда** цикл тоқтайды, бірақ бұғат алынып тасталмайды: орындалатын циклді жалғастыру үшін батырмаларды бұғаттан шығарып, **СТАРТ/ПАУЗА** батырмасын қайтадан басу керек.
- **БҒАТТАУ** функциясын циклдің кез келген сәтінде қосуға немесе өшіруге болады.

Дисплей

Дисплейде қалған кептіру уақыты, кейінге қалдырылған іске қосу таңдалған кездегі кідіріс уақыты және баптаулар үшін басқа хабарландырулар көрсетіледі.



1) ЖАРЫҚ ИНДИКАТОРЛАРЫ КЕПТИРУ ДӘРЕЖЕСІ

Бұл индикаторлар тиісті батырмамен орнатуға болатын құрғақтық дәрежесін көрсетеді.

2) СУҒА АРНАЛҒАН КОНТЕЙНЕРДІҢ ЖАРЫҚ ИНДИКАТОРЫ

Конденсатқа арналған су ыдысын босату қажет болғанда жарқырайды.

3) СҮЗГІЛЕРДІ ТАЗАЛАУДЫҢ ЖАРЫҚ ИНДИКАТОРЫ

Сүзгілерді тазалау қажет болғанда жанады (есік сүзгісі және төменгі сүзгі).

Кептіру бойынша нұсқаулық

ЭКО МАҚТА КЕПТІРУ стандартты циклі энергияны көбірек үнемдейді және кәдімгі дымқыл мақта кірді кептіру үшін жақсы жұмыс істейді. Соңғы беттегі кестеде негізгі кептіру бағдарламалары үшін шамамен ұзақтық пен қуат тұтыну мәндері берілген.

Кептіруге арналған кірдің максималды салмағы	
Мақта	Макс. мәлімделген жүктелім
Синтетика немесе нәзік маталар	Макс. 3 кг

Сөндірілген режимінде тұтыну:

0,40 Вт

Қосулы режимінде тұтыну:

0,75 Вт

Сынақ зертханаларына арналған ақпарат

Қолданылатын бағдарлама EN 61121:

- СТАНДАРТТЫ ЭКО МАҚТА КЕПТІРУ
- МАҚТАНЫ ҮТІКТЕУ ҮШІН КЕПТІРУ (АҚ МАТАЛАР - Үтіктеуге дайын)
- АСА КҮТІМДІ ҚАЖЕТ ЕТПЕЙТІН МАТАЛАР (СИНТЕТИКА - Ілгішке кептіру)



ЕСКЕРТУ

Әр цикл алдында сүзгілерді тазалаңыз.



ЕСКЕРТУ

Кептіру циклінің нақты ұзақтығысығу жылдамдығына, жүктелген кірдің түрі мен мөлшеріне, сүзгілердің тазалығына және қоршаған ортаның температурасына сәйкес кірдің бастапқы ылғалдылық деңгейіне байланысты.

Бағдарламалар кестесі

БАҒДАРЛАМА		Таңдау үшін қолжетімді функциялар					ЖҮКТЕУ (кг)	КЕПТІРУ УАҚЫТЫ (мин.)
		Кейінге қалд. старт	<i>i-time</i>	Жад	Кептіру дәрежесі	Мыжылуға қарсы		
Эко-мақта		✓	–	✓	–	–	Толық	*
Ақ мақта		✓	✓	✓	✓	✓	Толық	*
Джинстар		✓	–	✓	–	–	3	*
Қара және Түсті		✓	–	✓	✓	✓	3	*
Жейделер		✓	–	✓	✓	✓	2	*
Синтетика		✓	✓	✓	✓	✓	3	*
Жүн		✓	–	✓	–	–	1	70'
Спорт		✓	–	✓	✓	–	3	*
Ылғалдан қорғауды қалпына келтіру		✓	–	✓	–	–	2	*
Жылдам 30 '45'-59'		✓	✓	✓	–	–	2	*
Балалар киімі		✓	✓	✓	✓	✓	3	150'
Көлемді заттар		✓	✓	✓	✓	✓	4,5	Макс. 220 минут
	Жаңарту	✓	–	✓	–	–	2	20'
	Аллергияға қарсы	✓	✓	✓	–	–	3	Макс. 220 минут
	Экстра Гигиена	✓	–	✓	✓	✓	3	*

* Кептіру циклінің нақты ұзақтығы сығу жылдамдығына, жүктелген кірдің түрі мен мөлшеріне, сүзгілердің тазалығына және қоршаған ортаның температурасына сәйкес кірдің бастапқы ылғалдылық деңгейіне байланысты.

Егер машина шамадан тыс жүктелген немесе көлемді заттармен толтырылған болса, есік ашылуы мүмкін екенін ескеріңіз. Мұндай жағдайда жүктелетін кірдің мөлшерін азайтыңыз.

Бағдарламалардың сипаттамасы

Кептіргіш машинада әр түрлі типтегі және түрлі-түсті тоқыма бұйымдарын кептіру қажеттіліктерін қанағаттандыратын арнайы бағдарламалар бар (бағдарламалар кестесін қараңыз).

Эко-мақта

Мақтаны кептіру бағдарламасы (ілгіште кептіру) энергияны тұтынуда ең тиімді болып табылады. Мақта және зығыр маталарға жарамды.

Ақ мақта

Мақтаны, майлықтар мен сүлгілерді кептіруге арналған мінсіз цикл.

Джинстар

Джинс бұйымдарын біркелкі кептіруге арналған арнайы цикл. Кептіру алдында заттарды теріс айналдыру ұсынылады.

Қара және Түсті

Қараңғы және түсті мақта немесе синтетикалық киімдерді кептіруге арналған нәзік және арнайы цикл.

Жейделер

Бұл арнайы цикл атанақтың арнайы қозғалыстарының арқасында жейделерді ең аз қыртыстанумен кептіру және киімдерді шатастырмау үшін әзірленген. Кірді кептіру циклінен кейін бірден шығару ұсынылады.

Синтетика

Ерекше жұмсақ режимді қажет ететін синтетикалық маталарды кептіруге арналған.

Жүн

Жүннен жасалған киім: бағдарламаны жүннен жасалған 1 кг-ға дейінгі заттарды кептіру үшін пайдалануға болады (шамамен 3 жемпір). Кептіру алдында барлық киімдерді теріс айналдыру ұсынылады. Ұзақтығы жүктелетін заттардың мөлшері мен қалыңдығына, сондай-ақ жуу кезінде таңдалған сығу жылдамдығына байланысты өзгеруі мүмкін. Циклдің соңында бұл заттарды кюге болады, бірақ егер олардың

салмағы көп болса, шеттері сәл дымқыл болуы мүмкін: оларды табиғи түрде кептіру ұсынылады. Заттарды циклдің соңында шығару ұсынылады. **Назар аударыңыз! Жүннің киіздену процесі қайтымсыз; тек «ok tumble» арнайы белгісі бар киімдерді ғана кептіріңіз. Бұл бағдарлама акрилден жасалған киімге арналмаған.**

Спорт

Цикл спорт пен фитнеске арнайы киімдеріне арналған, жұмсақ кептіру және серпімді талшықтардың кішіреюі мен зақымдануын болдырмау үшін арнайы күтім.

Ылғалдан қорғауды қалпына келтіру

Маталарды су өткізбейтін өңдеуді қалпына келтірудің арнайы процедурасы.

Жылдам 30'-45'-59'

Жылдам циклдер заттарды қысқа мерзімде кептіруге мүмкіндік береді; 30, 45, 59 минуттың ұзақтығын таңдауға болады.

Балалар киімі

Гигиенаның жоғары деңгейі қажет болған кезде балалар заттары үшін тамаша цикл.

Көлемді заттар

Перделер, жаймалар және дастархандар сияқты өлшемі үлкен тоқыма бұйымдарын кептіруге арналған арнайы цикл. Атанақтың арнайы қозғалыстарының арқасында маталар минималды шатасумен және мыжылумен кептіріледі.

Жаңарту

Қыртыстарды тегістеумен төсек-орынның жағымсыз иістерін кетіруге арналған тамаша цикл.

Аллергияға қарсы

Кептірумен қатар шаң кенелері, үй жануарларының жүні, тозаң және жуғыш заттардың қалдықтары сияқты негізгі аллергияларды кетіретін арнайы цикл.

Экстра Гигиена

Бактериялардың санын азайтатын қосымша гигиеналық өңдеуге арналған арнайы бағдарлама.

8. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Ықтимал себебі...

Өздігінен жойылатын ақаулар.

Сервис орталығынан көмек сұрамас бұрын төмендегі бақылау тізімін тексеріңіз. Машинаны дұрыс орнатпаған немесе дұрыс пайдаланбаған жағдайда, сондай-ақ ол дұрыс жұмыс істеген жағдайда білдірілген өтініш үшін ақы алынады. Егер ұсынылған тексерулерді орындағаннан кейін мәселе шешілмесе, телефон арқылы көмек алу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Дисплейде көрсетілген аяқталу уақыты кептіру циклі бойына өзгеруі мүмкін. Кептіру циклі бойына оның аяқталу уақыты үздіксіз тексеріліп, оңтайлы баға алу үшін түзетіледі. Көрсетілген уақыт цикл бойына ұлғаюы немесе азаюы мүмкін – бұл қалыпты жағдай.

Кептіру уақыты тым көп/кір жеткілікті құрғақ емес...

- Кептіру уақыты мен бағдарламаның дұрыстығын тексеріңіз.
- Кірдің тым дымқыл еместігін тексеріңіз. Оның жеткілікті түрде сығылғанын тексеріңіз.
- Сүзгіні тазалау қажет пе екенін тексеріңіз.
- Кептіргіш машинаның шамадан тыс жүктелмегенін тексеріңіз.

Кептіру машинасы жұмыс істемейді...

- Электр энергиясы көзінде кернеудің болуын тексеріңіз. Мұны үстел шамы сияқты басқа құрылғыны қосу арқылы тексере аласыз.
- Ашаның розеткаға дұрыс салынғанын тексеріңіз.
- Электр қуатын ақауларға тексеріңіз.
- Сақтандырғыштың жанып кетпегенін тексеріңіз.
- Есіктің толық жабылғанын тексеріңіз.

- Кептіргіш машинаның желіге қосылғанын, сондай-ақ оның қосылғанын тексеріңіз.

- Кептіру уақыты мен бағдарламаның таңдалғанын тексеріңіз.

- Есік ашылғаннан кейін машинаның қайта қосылғанын тексеріңіз.

Кептіргіш машина қатты шу шығарады...

- Кептіргіш машинаны өшіріп, көмек алу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

«Сүзгіні тазалау» индикаторы жанып тұр...

- Сүзгіні тазалау қажет пе екенін тексеріңіз.

«Суға арналған сұйыққойма» желілік индикаторы жанып тұр...

- Суға арналған сұйыққойманы босату қажет пе екенін тексеріңіз.

9. КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Клиенттерді қолдау қызметі

Біз «Хайер» компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер тұрмыстық техникаңызда мәселелер туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» бөлімін оқып шығыңыз. Егер сіз ақауыңыздың шешімін таба алмасаңыз, мынаған жүгініңіз:

— өз ресми дилеріңізге немесе

— біздің колл-орталыққа:

8-800-070-01-29 (РК),

— **www.haieronline.kz** сайтына, онда сіз қызмет көрсетуге өтініш қалдыра аласыз, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Сервистік орталығымызға жүгіне отырып, паспорт тақтайшасынан және түбіртектен табуға болатын төмендегі ақпаратты дайындауыңызды өтінеміз:

Үлгісі _____

Сериялық нөмірі _____

Сатылған күні _____

• Сондай-ақ, кепілдік пен сату құжаттарының болуын тексеріңіз

• **Маңызды!** Аспапта сериялық нөмірінің болмауы өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

• Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші қосымша ескертусіз бұйымды жобалау мен жабдықтауға өзгерістер енгізуге құқылы.

• Өнімді қаптамасында көрсетілген манипуляциялық белгілерге сәйкес зауыт қаптамасында тасымалдау және сақтау қажет. Тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде сақ болыңыз. Көлік пен қойма өнімнің атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымдалудан қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

Өнім Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді. Сәйкестік сертификаты № EAЭС RU C-CN.AЯ46.B.33206/24 31.01.2024 бастап 30.01.2029 дейін әрекет етеді. Сәйкестік туралы декларация № EAЭС N RU Д-CN.PA01.B.78925/24 07.02.2024 бастап 06.02.2029 дейін әрекет етеді.

Дайындаушы: Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.

Мекенжайы: Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Қазақстан Республикасындағы

уәкілетті ұйым/ импорттаушы: «Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Тел.: 8-800-070-01-29, эл.поштаның мекенжайы: support-kz@haieronline.kz

Түркияда жасалған

Шығарылған күні мен кепілдік мерзімі жапсырмада көрсетілген.

10. КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park, Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, Қытай, Сізге таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мініс жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, планшеттік компьютерлерге, ноутбуктерге және теледидарлық приставкаларға — 3 жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, ұялы телефондар мен гироскутерлерге — 2 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет ету мерзімі ресми қызмет ету мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.

Haier корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамамен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Бірақ Haier корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, сондай-ақ сервистік қызмет көрсетуден де бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдікті және сервистік қызмет көрсетудің шарттары

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай кепілдікті мерзімді белгілейді және тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 36 ай ішінде қосымша сервистік қызмет көрсетеді. Ұқымал түсінбестікке жол бермеу үшін бұйымды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз. Бұйымға қосымша сервистік қызмет көрсету — Өндірушінің кінәсінен туындаған бұйымның ақауларын жою тұтынушы үшін тегін. Бұл қызмет бұйым иесі тауар және кассалық чектерін, бұйымды сатып алу дерегін растаушы басқа құжаттарды көрсеткен кезде ғана көрсетіледі.

Кепілдікті тек уәкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

8 (800) 070-01-29 — азақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе <https://haieronline.kz/> сайтында немесе support-kz@haieronline.kz электрондық поштасында. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

Кепілдікті және қосымша қызмет көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған бұйымдарға таратылмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;

- тоңазыту контурымен және электрлік қосылыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесе;
- суқұбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асық кету;
- бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: уәкіл етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
- Стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
- өңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақаулар анықталған болса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бөгің қосу салдарынан термोकорғаныстың іске қосылуы.

Кепілдікті және қосымша қызмет көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:

- бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқалама және кеңес беру;
- бұйымды сырттан немесе ішінен тазарту.

Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті және қосымша қызмет көрсетуге жатпайды:

- желдеткіштерге арналған сүзгілер;
- кір жуатын / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызуға арналған сүзгілер, құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- қысқа толқынды пештерге арналған төрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішкелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдылықтар;
- басқару пульстері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.


Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

* қосымша сервистік қызмет көрсету электрлік су жылытқыштарға, қысқа толқынды пештерге, HRB-331 модельді тоңазытқыштарға, мұздатқыштарға, газ плиталарына, шаңсорғыштарға, робот-шаңсорғыштарға, теледидарларға, теледидарлық приставкаларға, планшеттік компьютерлерге, ноутбуктерге, ұялы телефондарға, гироскутерлерге таралмайды.

Техникалық сипаттамалары

KZ

Сауда белгісі	Haier
Үлгінің сәйкестендіргіші	HDB4 H7A2TBEX-RU
Атаулы жүктеме (кг)	7
Атанақ типтегі кептіру машинасының түрі	Конденсатор (жылу сорғысы)
Энергия тиімділік класы	A++
Өлшенген жылдық энергия тұтыну (АЕ, кВт·сағ/жыл)	212
Автоматты басқарылатын немесе онсыз атанақ түріндегі кептіру машинасы	автоматты басқарылатын
Стандартты «Эко Мақта» бағдарламасында кептіру кезінде электр энергиясын толық жүктеу кезінде тұтыну (кВт·сағ/цикл)	1,80
Стандартты «Эко Мақта» бағдарламасында кептіру кезінде электр энергиясын тұтыну 3) ішінара жүктеу кезінде (кВт·сағ/цикл)	0,90
Сендірілген күйіндегі тұтынылатын қуат (Вт)	0,4
Күту режимінде тұтынылатын қуат (Вт)	0,75
Күту режимінің ұзақтығы (мин)	5
Стандартты кептіру бағдарламасы	Эко Мақта
Толық және ішінара жүктеу кезінде стандартты кептіру бағдарламасының өлшенген уақыты (мин.)	170
Максималды жүктеме кезінде «Эко Мақта» стандартты бағдарламасының ұзақтығы (мин)	230
Жартылай жүктеу кезіндегі «Эко Мақта» стандартты бағдарламасының ұзақтығы (мин)	125
Конденсация тиімділігінің класы	B
Толық және ішінара жүктеу кезінде стандартты «Эко Мақта» бағдарламасы үшін өлшенген конденсация тиімділігі (%)	84
Толық жүктеме кезінде стандартты мақта бағдарламасы үшін конденсацияның орташа тиімділігі	84
Жартылай жүктеу кезінде стандартты «Эко Мақта» бағдарламасы үшін конденсацияның орташа тиімділігі	84
Толық жүктеу кезінде стандартты «Эко Мақта» бағдарламасы үшін өлшенген дыбыс деңгейі (дБ)	67
Кіріктірілетін немесе бөлек тұратын	кіріктірілген
Атаулы кернеу (В ~ / Гц)	220-240 / 50
Атаулы ток (А)	6
Атаулы қуат (Вт)	900
Қаптамадағы өлшемдер, Б*Т*Е (мм)	890*525*650
Бұйымның өлшемдері,Б*Т*Е (мм)	850*465*596
Жалпы салмағы (кг)	39
Таза салмағы (кг)	37,5
Тоңазытқыш агент (түрі / салмағы, гр.)	R290 / 0,15



Haier